

## Кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2025 жылғы 14 шілдедегі № 11-1-4/420 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 15 шілдеде № 36448 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Заң қызметі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Сыртқы істер министрінің*

*міндетін атқарушы*

*А. Рахметуллин*

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Министрдің бірінші орынбасары

2025 жылғы 14 шілдедегі

№ 11-1-4/420

бұйрығына қосымша

## Күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің арнайы көлік құралдарының заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 11-1-2/303 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14141 болып тіркелген).

2. "Өкілдік шығындар" бөлінетін бюджеттік бағдарламасын бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 11-1-2/66 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14926 болып тіркелген).

3. "Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің әкімшілік ғимараттарын сатып алу, құрылысын жобалау және салу кезінде Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің әкімшілік және арнайы үй-жайлары үшін алаңдардың заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2018 жылғы 16 қазандағы № 11-1-4/461 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17642 болып тіркелген).

4. "Өкілдік шығындар" бөлінетін бюджеттік бағдарламасын бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 11-1-2/66 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2019 жылғы 16 қазандағы № 11-1-4/538 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19483 болып тіркелген).

5. "Уәкілетті адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберу мақсатында республикалық бюджетте "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы және "Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер", "Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау" және "Шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және физикалық қорғалуын қамтамасыз ету" бағдарламаларының 162-ерекшелігі бойынша көзделген қаражатты пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 08-1-1-1/114 бұйрығына және "Өкілдік шығындар" бөлінетін бюджеттік бағдарламасын бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 11-1-2/66 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 11-1-4/113 бұйрығының 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22428 болып тіркелген).

6. "Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2021 жылғы 4 қазандағы № 11-1-4/416 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24657 болып тіркелген).

7. "Өкілдік шығындар" бөлінетін бюджеттік бағдарламасын бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 11-1-2/66 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 11-1-4/735 бұйрығы (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33839 болып тіркелген).

8. "Өкілдік шығындар" бөлінетін бюджеттік бағдарламасын бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 11-1-2/66 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушысының 2024 жылғы 12 наурыздағы № 11-1-4/101 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34143 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК